КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 09 шілде іс №7119-25-00-2/6569 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№1 талап бойынша

2025 жылдың 16 сәуірде «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында №250237/00 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 7 155 литр ұшқынды тұтатқышты қозғалтқыштарға арналған бензинді жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 1 642 788 теңгеге шарт тіркелген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген, атап айтқанда 2025 жылғы 08 мамырға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізбеген.

Тараптар арасында аталған шарт біржақты 2025 жылғы 13 мамырда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2025 жылғы 13 мамырда бұзды. Біржақты тәртіппен бұзылған шарт жауапкермен дауланбады.

Істің мұндай жағдайында, «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес жауапкер бойынша тұрақсыздық айыбы 32 855 теңгені құрайды. Бірақ есеп дұрыс емес жасалған.

Іс материалдарына сай, шарт талаптары 2025 жылғы 08 мамырдан бастап орындалмаған, ал тараптар арасында шарт 2025 жылғы 13 мамырда біржақты бұзылған, атап айтқанда 5 күн тауарды жеткізуге өтінім сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы төлеуі қажет, онда 8 214 теңге құрайды. (1 642 788 * 0,1%*5 = 8 214).

Сондықтан, талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылып, жауапкерден шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына 8 214 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 22.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 8 214 (сегіз мың екі жүз он төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 246 (екі жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Компания Экспресс-Логистика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 22.10.2025